

Қазақстан Республикасының көмірсүтектерді сатып алуға арналған басым құқығын іске асыру қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 28 маусымдағы № 388 қаулысы.

"Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" 2017 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің 121-бабының 13-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының көмірсүтектерді сатып алуға арналған басым құқығын іске асыру қағидалары бекітілсін.
2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министри

B. Сагынтаев

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2018 жылғы 28 маусымдағы
№ 388 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының көмірсүтектерді сатып алуға арналған басым құқығын іске асыру қағидалары

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасының көмірсүтектерді сатып алуға арналған басым құқығын іске асыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" 2017 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің 121-бабының 13-тармағына сәйкес өзірленді және мемлекеттің көмірсүтектерді сатып алуға арналған басым құқығын іске асыру тәртібін айқындайды.
2. Мемлекеттің басым құқығын іске асыру тәртібімен көмірсүтектерді сатып алууды құзыретті орган жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі көмірсүтектерді сатып алу жөніндегі құзыретті орган болып табылады.

3. Осы Қағидаларда пайдаланылатын ұғымдар мен анықтамалар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қолданылады.

2-тaraу. Мемлекеттің көмірсүтектерді сатып алуға арналған басым құқығын іске асыру тәртібі

4. Ішкі нарықтың көмірсүтектерге деген қажеттіліктерін жабу мақсатында Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құзыретті орган жүзеге асыратын мониторинг нәтижелері бойынша, сондай-ақ төтенше сипаттағы өзге де жағдайларда Қазақстан Республикасының Үкіметі басым құқық тәртібімен көмірсүтектерді сатып алу туралы шешім қабылдауы мүмкін.

5. Мемлекеттің басым құқығы тәртібімен көмірсүтектерді сатып алу туралы шешімнің жобасын заңнамада белгіленген тәртіппен құзыретті орган әзірлейді және ол бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органмен міндепті түрде келісілуге жатады.

6. Мемлекеттің басым құқығы тәртібімен көмірсүтектерді сатып алу туралы шешім негізінде құзыретті орган мұндай ниеті туралы сатып алудың болжанатын күнінен кемінде он бес жұмыс күні бұрын жер қойнауын пайдаланушыға жазбаша хабарлайды. Жер қойнауын пайдаланушыға жазбаша хабарламада жіберілетін тұлға туралы мәліметтер, хабарлама жіберу үшін негіздеме, хабарламаның мазмұны, көмірсүтектердің түрі, оның мөлшері, сатып алудың болжалды мерзімдері, жіберуші туралы ақпарат, оның қол қоюы қамтылуға тиіс.

7. Сатып алынатын көмірсүтектердің шекті көлемі және төлем түрі жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартта айқындалады. Сатып алынатын көмірсүтектердің шекті көлемі көзделмеген бұрын жасалған келісімшарттар бойынша мұндай көлемді, сондай-ақ сатып алудың өзге де шарттарын жер қойнауын пайдаланушымен келісу бойынша құзыретті орган айқындейды.

8. Хабарламаны алған сәттен бастап бес жұмыс күні ішінде жер қойнауын пайдалануши мен құзыретті орган келіссөздер арқылы сатып алынатын көмірсүтектердің бағасын, жеткізу шарттарын және оларды төлеу тәртібін келіседі.

9. Сатып алынатын көмірсүтектердің бағасы көмірсүтектерді өткізуғе жұмсалатын көлік шығыстары мен шығындарды шегере отырып, мәмілені жасау күніне қалыптасқан, жер қойнауын пайдалануши көмірсүтектермен мәміле жасау кезінде қолданатын бағадан аспауы тиіс.

Жер қойнауын пайдалануши мәмілелер жасау кезінде қолданатын көмірсүтектердің бағалары туралы ақпарат болмаған жағдайда, көмірсүтектерді өткізуғе жұмсалатын көлік шығыстары мен шығындарды шегере отырып, мемлекеттің көмірсүтектерді сатып алыу жөнінде мәмілелер жасау күніне әлемдік нарықтарда қалыптасқан бағалардан аспайтын бағалар қолданылады.

10. Көмірсүтектерді сатып алу шарттарын келіскеннен кейін құзыретті орган жер қойнауын пайдаланушымен көмірсүтектерді сатып алу туралы шарт жасасады.

11. Сатып алынған көмірсүтектер үшін төлем мерзімі көмірсүтектерді жеткізу күнінен бастап күнтізбелік отыз күннен аспауы тиіс.

12. Көмірсүтектерді сатып алу туралы шартта:

1) жер қойнауын пайдалануши жеке тұлғаның Т.А.Ә. немесе занды тұлғаның атауы

;

- 2) жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың деректемелері;
- 3) сатып алынатын көмірсутектердің мөлшері;
- 4) көмірсутектерді жеткізу орны мен мерзімдері;
- 5) ақы төлеу тәртібі және мерзімдері;
- 6) жеткізетін көлік түрі;
- 7) көмірсутекті алушы қамтылуға тиіс.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК